

23 маусым,
Сейсенбі,
2020 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

САПАЛЫ ЖҰМЫС БАСТЫ МІНДЕТ

Өткен аптаның соңында ауданымызға облыс әкімінің өлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мейрамбек Шермағамбет арнайы іссапармен келді. Аудандағы өлеуметтік нысандарды аралаған облыс әкімінің орынбасары Ойылдағы қызу жүргізіліп жатқан бірқатар жұмыстармен танысты. Алдымен ҰБТ өткізілетін аймақты аралап, ондағы талаптардың заңды тәртібін бақылады. Сондай-ақ ағымдағы жөндеу

жұмыстары жүргізіліп жатқан аудандық мәдениет үйін, Көкжар көшесіне төселіп жатқан асфальттың жасалу сапасын қарады. Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлына бұл жұмыстарды үнемі бақылауда ұстау керектігін баса айтты. Оған қоса Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне де арнайы бас сұғып шықты. Ауданның атқамінерлерінің тілегіне құлақ түрген облыс әкімінің орынбасары алдағы уақытта спорт мектебіндегі

алаңның жүгіру жолақтары мен жанкүйер үстелдерін жаңартуға қаражат қаралатындығын жеткізді. Сонымен қатар ауданның шежіресі саналатын тарихи орындар мен бірқатар өлеуметтік нысандардың жай-күйімен танысып, атқарылған жұмыстар мен кезегін күткен тірліктерге назар аударып, хал-ахуалын толықтай бақылап қайтты.

Өз тілшіміз.



ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТЛЕУ БАСТАЛДЫ



Оқушылар өміріндегі ең қиын сынақтардың бірі саналатын Ұлттық бірыңғай тестілеу біздің ауданда өткен жексенбіде басталды. Биылғы оқу жылын ауданымызда 182 түлек аяқтаса, оның 168-і ҰБТ тапсыруға өтініш жазған. Осындай сәтте оқушылар барлық мүмкіндікті пайдалану мақсатында өзімен бірге шпаргалка, ұялы телефон сынды жабдықтар алып кіруді жөн көретіні жасырын емес. Алайда оқушыларды металл іздейтін құралмен тексеріп, ұялы байланысты сөндіргіш пен бейнебақылау қоюдан басқа, ҰБТ-ға 2020 жылдың қаңтарынан бастап қатаң тәртіп орнатылған болатын. Яғни, түлектер үшін тыйым салынған заттар туралы талап қатаңдатылды. Егер бұған дейін абитуриенттен тыйым салынған зат табылса, ол тестілеуге қатыса беретін, ал биылдан бастап оқушы емтиханға кіргізілмейді. ҰБТ тапсырып жатқан кезде тыйым салынған затпен ұсталса, тестілеу нәтижесі жойылады. ҰБТ кезіндегі ахуал қандай, оқушыларымыз 11 жыл оқып түйгендерін

сындарлы сәтте көрсете алды ма? Осы орайда біз ҰБТ бойынша аудандағы мамандармен арнайы тілдесіп, ҰБТ-дің өткізілу тәртібіне шолу жасаған едік. Арнайы мамандардың айтуынша жексенбі күнгі алғашқы лекте 42 түлек Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, оның 4-і тыйым салынған заттармен ұсталып, тестілеу нәтижесі жойылған. Ал, кешегі екінші лекте 63 түлектің 1-і кіргізу барысында, енді бірі тестілеу кезінде тыйым салынған заттармен ұсталды. Әйтсе де, біз ҰБТ тапсырғалы отырған қалған 63 түлекке сәттілік тілейміз.

Айта кетсек, түлектер коронавирус індетіне байланысты енгізілген карантиннің қатаң талаптары мен санитарлық нормаларды сақтау мақсатында өлеуметтік ара қашықтықты сақтаумен қатар қос-қостан маска берілді. Сондай-ақ, аудиторияларда желдету және ауаны залалсыздандыру жүйесі қамтамасыз етілген.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӨЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ ТАҒАЙЫНДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ТУРАЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ашықтықты, әділеттікті және еңбекке ынталандыруды қамтамасыз ете отырып, АӘК тағайындау тетігін түзетуді және аз қамтылған отбасылар тарапынан балаларға қосымша өлеуметтік пакетті енгізуді тапсырған болатын.

Мемлекеттік атаулы өлеуметтік көмек табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 %-нан төмен отбасыларға немесе азаматтарға шартсыз немесе шартты ақшалай көмек түрінде тағайындалады.

2020 жылдың 1 маусымына қарағанда аудан бойынша құрамында 1690 адамы бар 298 отбасы құжат тапсырды. Құжаттарын тапсырғандардың ішінде, құрамында 1328 адамы бар 233 отбасына атаулы өлеуметтік көмек 43,9 миллион теңге көлемінде тағайындалды.

Оның ішінде 220 отбасы шартты және 13 отбасы шартсыз ақшалай көмек алушылар. Атаулы өлеуметтік көмек алушылардың ішінде жұмысқа қабілетті 86 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларына (220 адамды ақылы қоғамдық жұмысқа, 20 адамды тұрақты жұмысқа, 6 адамды өлеуметтік жұмысқа) тартылды. 370 адамы бар 65 отбасының кірістері асып кетіп тимей қалды.

Ағымдағы жылдың 16 наурызы мен 11 мамыр аралығында Елімізде төтенше жағдай жариялануына байланысты 1 сәуірден бастап атаулы көмекке екінші тоқсанға жаңадан жүгінгендерге

құжат тапсырудың оңтайландырылған тәртібі енгізілді.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты өлеуметтік қорғау министрлігінің төтенше жағдайдың қолданылуы туралы шығарылған бұйрығына сәйкес осы жылдың бірінші тоқсанында атаулы көмек алушыларға ешқандай құжат тапсырмастан алып отырған атаулы өлеуметтік көмектері ұзартылды (пролонгация). Ал жаңадан құжат тапсырушылар «Электронды үкімет» веб-порталы арқылы тапсырған болатын.

Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап үшінші тоқсанның басталуына және төтенше жағдайдың тоқтатылуына байланысты атаулы өлеуметтік көмекке құжат қабылдау белгіленген заңға сәйкес жүргізіледі. Ал құжат тапсыру «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы және жұмыспен қамту орталықтары арқылы жүзеге асырылады.

Атаулы өлеуметтік көмек көрсетудегі ең басты шарттардың бірі – отбасының еңбекке қабілетті мүшелері жұмыс істеуі керек және отбасы үшін жауапкершілікті сезінуі тиіс. Атаулы өлеуметтік көмек түрінде көмек көрсете отырып, бірінші кезекте аз қамтылған отбасылардағы жұмыссыз азаматтарға бағытталатын «Еңбек» жұмыспен қамту бағдарламасының белсенді шараларын қолдану. Жұмыссыздарға бос жұмыс орындарына, мемлекетпен субсидияланатын жұмыс

орындарына жұмысқа орналасуды, өз бизнесін ашу үшін жеңілдікпен микрокредит және қайтарымсыз гранттар алуды ұсыну. Отбасының еңбекке қабілетті мүшесі ұсынылған жұмыстан және жұмыспен қамту шараларынан бас тартатын болса, онда АӘК тек оған ғана емес, бүкіл отбасы мүшелеріне тоқтатылады. Атаулы өлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын, отбасының оны алуға құқығы бар әрбір мүшесіне тағайындалады және атаулы өлеуметтік көмек алу құқығы тоқсан сайын белгіленген тәртіппен құжат тапсыру арқылы расталады. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есепті кезеңде алынған табыстың барлық түрлері ескеріледі. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде табыс ретінде мыналар ескерілмейді;

- атаулы өлеуметтік көмек;
- тұрғын үй көмегі;
- жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;
- бала тууға байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақылар;
- 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға мүгедектігі бойынша төленетін мемлекеттік өлеуметтік жәрдемақылар;
- стипендиялар, қайырымдылық көмектер, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иелеріне төленетін мемлекеттік жәрдемақылар;
- АӘК алу үшін жиынтық табысын есептеу

Ойыл аудандық жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар бөлімі

ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАР ҮШІН ЖАҒЫМДЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Мемлекеттік қызметшілердің дүние жүзін шарпыған пандемияға байланысты қашықтан жұмыс жасауына қарамастан, Ақтөбе облысында ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етуге бағытталған нық қадамдар жасалуда.

Ақтөбе облысы өкімінің орынбасары Қайрат Бекенов, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаменті басшысының бірінші орынбасары Ғалымбек Досанов және «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің басшысы Жанболат Тұртаев Қарғалы ауданындағы сервистік өкімдіктің ашылуына қатысты.

Сервистік өкімдік болып табылатын жеке ғимаратта ауданның жергілікті атқарушы органдарының барлық қызметтері шоғырланған, мамандармен қарым-қатынас жасамай ақ өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары, кітапханасы бар жайлы күту орындары ұйымдастырылып, басқа да қызметтер, терминалдар мен банкоматтар бар. Айта кету керек, аталған сервистік өкімдік облысымызда 9-шы болып ашылып отыр. Сонымен қатар, Департамент өкілдері Қарғалы ауданының өкімі Асқар Жүсімалиевтің азаматтарды қабылдауға арналған ашық кабинетінің жұмысымен танысты.

Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет алдын алу жұмыстарының маңыздылығын атап өтті, өйткені шенеуніктерді бас бостандығынан айырумен ғана қоғамдағы жемқорлық мәселесі жойылмайды. Ең алдымен, сананы түбегейлі өзгерту қажет.

«Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың басты қағидаларының бірі - мемлекеттік органдардың жариялылығы мен ашықтығы болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы арқылы азаматтардың сұраныстарын мемлекеттік қызметшілердің жедел және тиімді қарастыруы қажет екенін бізге анық білдірді. Тек осылай ғана үйлесімді мемлекет құра аламыз... Біз сыбайлас жемқорлықтың жою жолында «Open space» форматындағы кабинеттер мен сервистік өкімдіктер идеясын белсенді түрде іске асыратын боламыз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - бұл тек арнамысына дақ түсірген мемлекеттік қызметкерлерді ұстау ғана емес, осы дерттің алдын алу», - деп атап өтті облыстың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысының бірінші орынбасары Ғалым-


бек Досанов.

Күн бұнымен аяқталмай, Қарғалы ауданында болған жұмыс тобы «OPEN SPACE» форматындағы кабинет ашылған Ақтөбе облысының әділет департаментіне ат басын тіреді. Ашық, өйнекпен қоршалған кабинет Департамент басшылығының азаматтарды қабылдауына, оларға кеңес беруге және заң көмегін көрсетуге, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың етініштерін қарастыруға арналған.

«Еліміздегі коронавирусқа байланысты жағдай, Департамент жұмысының қашықтан жүзеге асыруы қашанға дейін созылатыны беймәлім болғанымен, біз ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етуге қашан да дайынбыз. Бұған дейін азаматтармен тығыз қарым-қатынастағы жұмысты үйлестіруші орынбасарымның кабинетін бірінші қабапқа көшірдік, тегін заң көмегін көрсетуге ниеттенген волонтерларға арнап кабинет аштық, бүгін міне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет пен «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің бастамасын қолдап, «Open space» форматындағы кабинетті ашып отырмыз», - деді Департамент басшысы Бекболат Колумбаев.

САУАТТЫ ТҰТЫНУШЫ БОЛУДЫҢ ҰТЫМДЫ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

ОЙЫЛ АУДАНЫ БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫНДАҒЫ АЗАМАТТАРДЫҢ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН «ONLINE» СЕМИНАР ӨТТІ.



Бүгінгі күнде тұтынушылардың заңды мүдделері мен құқықтарының бұзылуы салдарынан азаматтарға материалдық, моральдық немесе басқа да зиян келтіру жағдайлары орын алуда. Басты себептерінің бірі-тұтынушының өз құқығын Заң жүзінде білмеуі. Соңғы өлеуметтік зерттеу жұмыстары барысында, сауалнама қатысқан респонденттердің 87%-ы тұтынушы ретінде заңды мүдделері мен құқықтарының бұзылғанын атап өткен, сонымен бірге 29% тұтынушының құқығы жылына 7 реттен артық бұзылған. Осы мақсатта, облыста 2020 жылдың 11 маусымда Ақтөбе облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің ұсынысымен Ойыл ауданының өкімі Асқар Қазыбаев тұтынушыларының сауаттылығын жоғарылатудың өзекті мәселесіне қолдау білдіріп, Ойыл ауданының білім саласы қызметкерлерімен семинар ұйымдастыруға белсенділік танытты. Аталған бағыттағы қолдау шаралары, Ойыл ауданының білім саласы қызметкерлерінің тұтынушылық сауаттылығын жоғарылатып, одан өрі сала қызметкерлері аудан азаматтарының сауаттылығын көтеруге бағытталған Ойыл ауданының іс-шаралар кешені өзірленіп, тиісті мақсатты жұмыстар атқарылатыны күтілуде. «Online» семинар - «Тұтынушылар өз құқықтарын қалай қорғайды? Сауатты тұтынушы болудың ұтымды жолы» тақырыбына арналды. Тұтынушының мәдениетін жаңа деңгейге көтеру, азаматтар назарын тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың

ашық жүйесіне бағыттау. Тұтынушы құқығының қорғалуы жүйесінде азаматтардың сауаттылығын жоғарылату, аудан тұтынушыларының туындаған сұрақтарына заңды кеңес беру мүмкіндігін қамтамасыз етуді мақсат тұтқан семинарда департамент қызметкерлері Гулзада Алматбаева, Қасымхан Жалтырбаев тұтынушы құқығын қорғау туралы жалпы ұғым, тұтынушы құқығы мен заңды мүдделерінің қорғалуы, қоғамда тұтынушылардың жиі кездесетін сұрақтары мен оның заңды шешімі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, семинарға қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. Сонымен қатар, семинар барысында «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңы аясында, «Сатып алған тұтынушының тауарды ауыстыру немесе кері қайтару құқығы», «Кепілдік мерзімі белгіленген тауарларға қатысты тұтынушының құқығы», «Тұтынушы тауардың кемшілігін тапқан жағдайда сатушы мен тұтынушы арасындағы дауларды шешудегі тұтынушының құқығы», «Құқығы бұзылған тұтынушы қайда хабарласу керек?» сұрақтары талқыланды. Дайындалған тұтынушы құқығына қатысты бейне-роликтер көрсетілді. Осы орайда, Білім саласы қызметкерлерінің халықты тұтынушылық құқықтарын жоғарылатуға өз үлестерін қосып, өңір азаматтарының тұтынушылық құқықтарын жоғарылатуға өз үлестерін қосады деген сенімдеміз. Қосымша ақпараттарды Департаменттен 54-81-20 телефоны арқылы алуға болады.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ҰДАЙЫ ЖҮРГІЗІЛУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан өрі күшейтіп, заң талаптарын қатаңдатуы тапсырып, орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу ісін қайта қалпына келтіру және бұған сарапшылар мен қоғам өкілдері де атсалысуы тиіс екендігін нақтылап берді. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасалған мекеменің бірінші басшысының жауапкершілігін заңнамалық және нормативтік тұрғыдан нақты белгілеу керектігін тапсырды. Бұл аталған тапсырманың өзі сыбайлас жемқорлықтың жолына тосқауыл қойып, одан өрі өршітпей, азайтары баршамызға мәлім.

Жемқорлық өз қызметін асыра пайдаланып, өз мүддесін ойлау. Яғни осындай әрекеттерге жол берілген жағдайда мемлекеттік басқару жүйесі бұзылады және еліміздің, экономикамыздың дауы бәсеңдей түседі. Сондықтан аталған кеселмен күресте көп болып күрескен кезде ғана жақсы нәтижелерге жетіп, биік белестерге шығарымыз анық.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және аталған кеселмен күресу еліміздегі сот жүйесінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Соның ішінде жемқорлықпен күресті күшейтіп, болдырмау мақсаты Ойыл аудандық сотының күн тәртібінен түскен емес. Нақты айтқанда, аудандық соттың судьялары және сот мамандары мемлекеттік мекемлер арасында жемқорлықтың жою және

оның зардаптары тақырыбында түсіндірме жұмыстарын ұдайы жүргізуде. Сонымен қатар барлық сот мәжілістері үн-бейне жазба құрылғылары арқылы жүргізіледі. Аудандық сотта судьялар мен сот қызметкерлерінің тараптармен процестен тыс қарым-қатынасына жол бермеу үшін сот ғимаратында жүріп-тұру ережесі жасақталған. Жемқорлыққа қатысты мәселе туындаған жағдайда азаматтардың шағымдану мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Яғни, аталған шаралар ашықтықты қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлық фактілерін жою мақсатында жасалып жатқан іс-әрекеттер.

Сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол берілген жағдайда заң талаптары қатаң. Яғни, сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру міндетті түрде тағайындалады және мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салына отырып, бас бостандығы шектеліп, мүлкі тәркіленеді. Заң талаптары қатаң болған кезде ғана тәртіп болады. Тәртіп болған жерде құқық бұзушылықтар мен жемқорлық туралы қылмыстар болмасы анық. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықты заң талаптарына ысырып қоймай аталған кеселмен баршамыз күресуге ат салысып, сыбайлас жемқорлықпен күресті бүгінгі күн талабы деп ұғынуымыз қажет.

Ж.МАЙЖАНОВ,
Ойыл аудандық сотының
аға сот приставы.



БЛАГОПРИЯТНЫЕ ПЕРЕМЕНЫ В ПОЛЬЗУ УСЛУГОПОЛУЧАТЕЛЕЙ

Несмотря на временную дистанционную работу государственных служащих в связи со всемирной пандемией, в Актюбинской области делаются стремительные шаги к открытости и прозрачности.

Так заместитель акима области Кайрат Бекенов, Первый заместитель руководителя Департамента антикоррупционной службы Актюбинской области Ғалымбек Досанов и руководитель проектного офиса «Ақтөбе – адалдық алаңы» Жанболат Тұртаев приняли участие в открытии сервисного акимата в Каргалинском районе.

В отдельном здании сервисного акимата сосредоточены все службы местных исполнительных органов района, имеются уголки самообслуживания, исключают контакты со специалистами, комфортные места ожидания с библиотекой, а также иные службы, терминалы, и банкоматы. Стоит отметить, что данный сервисный акимат уже 9-ый по счету в области.

Кроме того, представители Департамента ознакомились с деятельностью прозрачной приемной Аскара Джусибалиева - акима Каргалинского

района.

Антикоррупционная служба области отмечает важность превентивной работы, так как только лишением свободы чиновников – проблему коррупции не решить. Нужно менять мышление.

«Одним из главных принципов антикоррупционного законодательства нашей страны является гласность и прозрачность государственных органов. Глава государства Касым-Жомарт Тоқаев с концепцией «Слышащего государства» дал нам ясно понять, что госслужащие должны оперативно и эффективно реагировать на запросы граждан. Только так мы построим гармоничное государство... Мы будем активно продвигать идею сервисных акиматов и кабинетов в формате «Open space», дабы искоренить коррупцию. Ведь противодействие коррупции – это не только задержание нечистых на руку государственных служащих, но и ее профилактика» - отмечает первый зам. Руководителя Антикоррупционной службы области Ғалымбек Досанов.

Но на этом день не закончился.

Сразу после Каргалинского района рабочая группа отправились в Департамент юстиции Актюбинской области, где открыт кабинет в формате «OPEN SPACE».

Полностью прозрачный кабинет предназначен для приема граждан руководством Департамента, консультирования и оказания юридической помощи гражданам, а также для рассмотрения обращений физических и юридических лиц.

«Неизвестно насколько затянется ситуация с коронавирусом в нашей стране, а также дистанционная работа нашего Департамента, но мы всегда готовы к открытости и прозрачности. Кабинет моего заместителя, который более тесно взаимодействует с гражданами, переведен на первый этаж, открыли кабинет волонтеров, оказывающих бесплатную юридическую помощь, также по инициативе Антикоррупционной службы области и проектного офиса «Ақтөбе – адалдық алаңы» сегодня открываем кабинет в формате «Open space» - отмечает, руководитель Департамента Бекболат Колумбаев.

АБАЙЛАҢЫЗ, АЛАЯҚТАР!

Интернет-алаяқтық деп – ақпарат-тық жүйені пайдалану арқылы бөтен-нің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді айтамыз. Яғни, бұл жерде қылмыс-кер компьютер, смартфон, планшет секілді заманауи құралдардың көме-гімен интернет арқылы адамдарды алдап-арбап, олардан ақша бопса-лау, мүлкін жымқыру секілді жымыс-қы әрекеттерге барады.?? Қазіргі таңда көп кездесіп жүрген алаяқтық түрлеріне: интернет-дүкенмен бай-ланысты алаяқтықтар, фишинг, интернет арқылы қайыр сұрау, телефон-алаяқтық, SMS-алаяқтық және интернет-банкинг арқылы жаса-латын қылмыстар жатады.??

Түсінікті болу үшін нақты мысалға тоқталып кетейік, SMS-алаяқтық бойынша. Мәселен, Сізге телефон немесе теледидар секілді бағалы заттар сататын белгілі компания-лардың немесе туристік фирмалар-дың атынан хабарлама келеді не телефон шалады да: «Сіз бағалы сыйлық ұттыңыз», «Шетелге жолда-маға ілігейін деп тұрсыз» деп қызық-тырады. Бір азаматқа тұрмыстық техника сататын белгілі дүкеннің атынан «Құттықтаймыз! Сіз жүлделі болдыңыз! Толық ақпарат алу үшін мына нөмірге хабарласыңыз» деген SMS-хабарлама келеді. Қайта қоңы-рау шалса: «Сіз біздің тауарлары-мызды алған тұрақты клиентіміз болып келесіз. Біріншіден, Сізге сол үшін алғыс айтамыз. Екіншіден, біз

өз клиенттеріміз арасында жүлде ойнаттық. Соның ішінен Сіз ұтып тұрсыз. Сізге плазмалық теледидар сыйламақшымыз. Енді оны Сізге жеткізу үшін 5 мың теңге жол шығынын төлеу қажет», – дейді. Ол QIWI-әмиянмен ақшаны аударып жібереді. Сөлден кейін тағы қоңырау шалып: «Кешіріңіз, біз қателесіппіз, 5 мың теңге тек рәсімдеу үшін ғана екен. Ал, жол шығыны – 10 мың теңге», – дейді. Бұл болса: «Жарай-ды», – деп оны да аударады. Одан кейін тауар да жоқ, ақша да жоқ, сол күйі ол нөмер сөндірулі болады.?

Бұндай деректердің орын алуы қазіргі таңда аз емес, сол себепті алаяқтардың құрықтарына түсіп қалмау мақсатында электронды құралдарды қолдану арқылы іс-әрекеттер жасағанда келесі қауіп-сіздік шараларын сақтаған жөн: күдік тудыратын сайттарды оқшаулайтын бағдарламалар орнату (антивирус), арнайы тексерістен өткен сайттар-дың қызметін қолдану, жеке ақпарат-тарды пароль арқылы енгізу, онлайн сату-сатып алу әрекеттерін банк-тердің ресми сайттары мен қолда-нымдарында жасау, күдік тудыратын файлдарды электронды құралдарға енгізбеу, күдік тудыратын сілтеме-лерге өтпеу және ең бастысы, кез келген сайттарда жеке ақпаратты қалдырмау.?

Н.ЕРМЕКБАЕВ,
Ойыл ауданы
прокуратурасының
аға прокуроры

АЗАМАТТАРДЫ МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

Ағымдағы жылдың 12 ақпанында Қазақстан Республикасының Прези-денті «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» жыл сайынғы Жарлыққа қол қойылды.

2020 жылы Ойыл ауданы бойынша 239 әскерге шақырылушыларды әскерге шақыру жоспарланды.

Осы уақытта ҰҚК Шекара қызметін және Ұлттық Ұланды жасақтау жоспарлды түрде жүргізілуде.

Осы шақырудың ерекшеліктерінің бірі жүргізу мерзімдері болып табы-лады.Осымен 2020 жылғы 30 сәуір-дегі Қазақстан Республикасы Прези-дентінің №312 Жарлығымен азамат-тарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу мерзімдері мау-сым айынан тамыз айына дейін ұзартылды, өйткені еліміздегі енгізіл-ген төтенше жағдайдың әрекеті кезеңінде әскерге шақыру және медициналық комиссиялардың жұмыстары тоқтатылды.

Әскерге шақырылушылар және Қарулы Күштерін жасақтауға тар-тылған лауазымды тұлғалар ара-сында коронавирустық инфекцияны енгізулін және таралуын ескерту, алдын алу шараларын күшейту мақсатында жиын пункттердің кіре-беріс жерлерінде медициналық посттар (фильтрлар) орналасты-рылды. Жас буынды салтанатты

шығарып салулар тоқтатылды. Аудандық медициналық комиссия-лар құрамындарына дәрігер-инфек-ционисттер енгізілді.

Сонымен қатар шақырудың негізгі тапсырмасы әскерлерді дені сау және моральды даярланған жастар-мен жасақтау болып табылады.

Әскерде берік достастық, бауыр-ластық танылады, әскери қызмет-шілер тобымен жұмыс жасағанды, оқу-жаттығулардағы қиын-қыстау жағдайларда тапсырмаларды орын-дауға, тез ойлануға және шешім қабылдауға үйренеді, олар әскери қару-жарақты қолдануда, күрделі әскери техниканы пайдалануда техникалық дағдыларға ие болады.

Бұл ретте орта-техникалық немесе жоғары білім бар әскери қызмет-шілер мерзімді әскери қызметтің 6 айын өткергеннен кейін келісімшарт бойынша әскери қызметке түсуге құқықтары бар.Атап айтқанда егер әскерге шақырылушы өзінің өмірін әскери қызметпен байланыстыруды жоспарласа,онда ол келісімшарт бойынша қызметке жарты жылдан кейін-ақ кіре алады.

Қазақтың қаһарманы ұлы Бауыр-жан Момышұлы «Өз елін мақтаныш етпеу - сатқындықпен тең»-деген. Қастерлі отанымызға қалтқысыз қызмет ету және оны қорғау –әрбір азаматтың қасиетті борышы. Осынау президенттік парызымызды біз, адал атқаруға тиістіміз. Сонда ғана біз арманымызға жетіп,Мәңгілік ел бола аламыз.

Ойыл ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімі

А Қ П А Р А Т Т Ы Қ Х А Б А Р Л А М А

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері,жер учаскесінің лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі	Жалға беру мерзімі,жылауданы	Жалпы ауданы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде					Орташа балл бонитет	Сумен қамтылуы
					Егістік	Суармалы егістік	Жайы-лымдық	Шабын-дық	Басқа жерлер		
1	Лот 1 , учаске №1, Ойыл а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	368,0	-	-	366,5	-	1,5	11	қамтылмаған
2	Лот 2 , учаске №1, Көптоғай а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1698,0	-	-	1695,0	-	3,0	11	қамтылмаған
3	Лот 3 , учаске №1, Саралжын а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	3300,0	-		3293,20	-	6,80	11	қамтылмаған
4	Лот 4 , учаске №1, Саралжын а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	100,0	-	99,80	-	-	0,20	11	қамтылмаған
5	Лот 5 , учаске №1, Саралжын а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	150,0	-	150,0	-	-	-	11	қамтылмаған
6	Лот 6 , учаске №1, Саралжын а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	380,0	-	-	379,60	-	0,40	11	қамтылмаған
7	Лот 7 , учаске №1, Ш.Берсиев атындағы а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	370,0	-	367,0	-	-	3,0	11	қамтылмаған
8	Лот 8 , учаске №1, Ш.Берсиев атындағы а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1400.0	-	-	1398,0	-	2,0	11	қамтылмаған
9	Лот 9 , учаске №1, Ш.Берсиев атындағы а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1200,0	-	-	1198,5	-	1,5	11	қамтылмаған
10	Лот 10 , учаске №1, Ш.Берсиев атындағы а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	890,0	-	-	884,0	-	6,0	11	қамтылмаған
11	Лот 11 , учаске №1, Ш.Берсиев атындағы а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	800	-		792,8	-	7,2	11	қамтылмаған
12	Лот 12 , учаске №1, Ш.Берсиев атындағы а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1150,0	-	-	1149,80	-	0,20	11	қамтылмаған
	Барлығы:			11806,0		616,0	1000,7		31,8		

ЕСКЕРТПЕ !!!

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс;

Конкурстық ұсыныста:

1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң, 15 (он бес) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

АЗАМАТТЫҚ ЗАҢНАМАҒА ЕҢГІЗІЛГЕН ОҢ ӨЗЕРІСТЕР

Соңғы жылдары елімізде халық-тың сот жүйесіне деген сенімін арттыру, заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Азаматтық процестік кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Нақты айтқанда іске қатысатын адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ куәлер, сарапшылар, мамандар, аудармашылар заңда көзделген тәртіппен, сот талқылауы барысында материалдық және цифрлық ақпарат жеткізгіштері бар техникалық құрал-дарды істі қарау барысында туын-даған мәселелер бойынша қажетті ақпарат алу, ақпараттық және құқықтық жүйелерге, интернет-ресурстарға қолжетімділік алу, тиісті түрде хабарланғанын және іс үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтау, сондай-ақ сот отырысының барысын жазып алу үшін пайдала-нуға құқылы.

Сонымен қатар, бірінші және апел-ляциялық сатылардағы соттарда тараптар арасында татуластыру рәсімі шеңберінде жасалған келісім-дердің шарттарында талап қою талаптарының мөлшері ұлғайтылса, не даудың нысанасы өзгертілсе, мемлекеттік бажды қосымша төлеу жүргізілмейді.

Өткізіп алынған процестік мерзімді қалпына келтіру туралы арыз өзінің құқықтарының немесе заңды мүдде-лерінің бұзылғандығы туралы арыз иесіне белгілі болған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей, процестік әрекеттер жасалуға тиіс сотқа беріледі.

Сондай-ақ, сот бұйрықтары бойынша егер белгіленген мерзімде сотқа борышкерден қарсылық келіп түспесе, сот бұйрығы өндіріп алу-шыға орындауға ұсыну үшін беріледі немесе оның арызы бойынша сот аумаққа жатқызылуына қарай тиісті өділет органына, не жеке сот орын-даушыларының өңірлік палатасына орындауға жіберіледі. Борышкерден мемлекеттік бажды тиісті бюджеттің кірісіне өндіріп алу үшін сот бұйры-ғының жекелеген данасын сот аумақ-қа жатқызылуына қарай тиісті өділет органына не жеке сот орындау-шыларының өңірлік палатасына тікелей жібереді.

Шешім шығарылғаннан кейін сотқа келіп түскен, дауды жалпы тәртіппен қарау туралы өтінішхат осы шешімнің күшін жою туралы арыз ретінде қабылданады және қаралады. Пікір-ді, дәлелдемелерді және өзге де құжаттарды ұсыну үшін сот белгіле-ген мерзімдер өткеннен кейін сот тараптарды шақырмастан, істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық форматта қарайды.

Қазақстан Республикасының Аза-маттық процестік кодексіне еңгізілген оң өзгерістер 2020 жылдың 20 маусымынан бастап күшіне енеді. Бұл өзгерістер мен толықтырулар азаматтық процесті ұғынықты, қолжетімді өрі ең бастысы өділ ете түседі деген ойдамын.

С. ТАНИМОВА,
Ойыл аудандық
сотының төрағасы

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69 үй, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8-(71332)-2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1655 дана. Тапсырыс №763
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.

Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ
15 МАУСЫМДАҒЫ ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІН САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА
СӘЙКЕС САЙЛАНҒАН ӘКІМНІҢ ТІРКЕЛГЕНІ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

Округ атауы	Сайланған әкімнің Т.А.Ә	Туған жылы	Атқарған лауазымы	Жұмыс орны	Тұрғылықты жері
Қайыңды ауылдық округі	Косдаулетов Иргизбай Тулеуович	04.08.1967	директор	«Көсембай негізгі мектебі» КММ, Көсембай ауылы	Көсембай ауылы

Аудандық сайлау комиссиясының төрағасы:
Аудандық сайлау комиссиясының хатшысы:

Б.Т.Бисекенов
Б.Бақтыгереев

ӨКПЕ ҚАБЫНУЫНЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!

Пневмония (гр. *pneumon* — өкпе), өкпе қабынуы — өкпе тінінің қабынуынан немесе басқа аурулардың асқынуынан болатын өкпенің жұқпалы ауруы. Ол көбіне қызылша, көкжөтел, тұмау, бронхит, демікпе сияқты тыныс ауруларын немесе өсіресе жас балалар мен қарт адамдарда болатын қатаң аурулардан кейін пайда болады. Ауруды әр түрлі вирустар (аденовирус, риновирус), бактериялар (пневмококк, стафило-кокк, стрептококк) қоздырады. Ауру-дың дамуына дененің қатты мұз-дауы, ауыр жұмыс пен жүйкеге күш түсіру, улану, т.б. факторлар әсер етеді.

Түрлері мен белгілері. Сырқаттың ұзақтығына қарай: *жедел пневмония* және *созылмалы пневмония*, ал қабынудың жайылып тарауына қарай: *бөлікті пневмония* және *ошақты пневмония* болып бөлінеді.

Жедел пневмония кенеттен басталады, дене қызуы 39 — 40°С-қа, кейде одан да жоғары көтеріледі, науқас қалтырап, алғашқыда құрғақ, кейіннен қақырықты жөтел пайда болады. Науқастың бүйірі шаншиды, біртіндеп тынысы тарылып, ауа жетпейді, буындары сырқырайды.

Ем қабылдаған соң аурудың беті 3 — 5 күннен кейін қайта бастайды.

Созылмалы пневмония ауру асқынып, өкпе тінінің құрылымы мен қызметінің толық қалпына келмеуі-нен, сондай-ақ созылмалы бронхит-тің салдарынан болады. Бұл кезде өкпенің белгілі бір тұстары қайталап қабынады. Сырқаттың дем алысы өлсіреп, сәл күш түссе деміге бастайды.

Ауру асқынғанда пневмонияның жедел түріндегі клиникалық белгілері қайталанатын. Созылмалы пневмония ұзаққа созылады. Дер кезінде емделсе, науқас 2 — 3 аптадан соң жазыла бастайды. Балаларда болатын пневмонияның кейбір ерекшеліктері бар. Олар пневмониямен ауырғанда демігумен бірге бетінің өр жері, өсіресе үстіңгі ернінің айналасы өлсін-өлсін көгереді; дисплексия белгілері байқалуы мүмкін. Көп жағдайда төбеті мен ұйқысы бұзылады. Жаңа туған сәби пневмониямен ауырғыш келеді. Кейде кеудесі сырылдап, сілекейі көбіктенеді. Жас балалар мен сәбилерде болатын пневмония өте қауіпті, көп жағдайда ауру асқынып, отитке немесе плевритке ауысады. Емі: өкпе жедел қабынса, ауруханада стационарлық ем қабылдау қажет. Физиотерапия, емдік денешынықтырумен айналысу,

құнарлы, витамині көп тағамдар ішу пневмонияның алдын алуға көмектеседі.

Белгілері.

- Бірден қалтырап, ыстықтың көтерілуі;

- Дем алыстың жиілеуі, одан қырылдаған немесе сырылдаған дыбыстың шығуы;

- Әр дем алған кезде Пневмония дем шығарған сайын мұрынның желбезегі көтеріліп Пневмония басылып тұрады;

- Дененің ысуы (кейде жаңа туған нәресте немесе қарт адамдар, өсіресе өлсіз адамдар, ауыр өкпе қабынуымен ауырғанда температура айтарлықтай көтерілмейді);

- Жөтел (түсі сары, жасыл немесе қошқыл қоңыр, не сілекейге аздап қан араласқан);

- Кеуде ауырады;

- Науқастың халі ауырлайды;

Жалпы, өкпенің ауруы еш білінбей басталуы да мүмкін.

Немесе басқа да аурулармен шатастырады. Мейлінше жоғарыда жазылған белгілер біліне басталысымен-ақ, дәрігердің қабылдауына жазылыңыз.

**А.МАЙЛЫБАЕВА,
СӨСҚ маманы.**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ОРНАЛАСУ ҮРДІСТЕРІ ЖЕҢІЛДЕТІЛДІ

Жылдан жылға мемлекеттік қызметке орналасу үрдісі жеңілдетіліп, азаматтардың құқықтарын шектейтін көптеген әкімшілік кедергілер жойылуда. Бұл мемлекеттік қызметтің азаматтарға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар. Биылғы жылы Агенттік төрағасының 2020 жылғы 19 мамырдағы №81 бұйрығымен «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осылайша, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде сертификаттың және жеке қасиеттерін бағалау қорытындысының қолданылу мерзімі енгізілген төтенше жағдай кезеңінде тоқтатыла тұрады. Яғни, жоғарыда көрсетілген ережеге сәйкес сертификаттың және жеке қасиеттерін бағалау қорытындысының жарамды мерзімі 1 жылды құраса, ендігі уақытта оған төтенше жағдай кезеңі қосылады.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 Жарлығына сәйкес республика аумағында төтенше жағдай 2020 жылғы 16 наурыздан 11

мамырға дейін жарияланды және ағымдағы жылдың 16 наурызына дейін берілген сертификаттардың қолданылуы 56 күнге ұзартылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеу және жеке қасиеттерін бағалау қорытындысы бойынша белгіленген мәннен төмен нәтиже алған үміткерлер үшін тестілеуді қайта тапсыру уақыты 1 айдан 15 күнтізбелік күнге қысқартылды.

Бұдан өзге, қолданыстағы ережелерге сәйкес үміткерлерге қалауы бойынша конкурсқа құжаттарын электрондық поштамен жолдап, өңгімелесуге бейнебайланыс құралдары арқылы қатысуға мүмкіндік берілді.

Және де, конкурсқа қатысу үшін тапсыратын құжаттар тізімі қысқартылып, яғни үміткерлерден өтінішімен қоса қызметтік тізім және білімі туралы құжаттар ғана талап етіледі. Қалған құжаттарды үміткер конкурстық комиссияның оң шешімін алғаннан кейін тапсыратын болады.

**Г.МЫРЗАБЕКОВА,
ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің**

Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бас маманы.

ОРМАН-ДАЛА ӨРТТЕРІНЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК.



Халқымыздың өртті тілсіз жау деп айтуы негізсіз емес - себебі, өрт күтпеген жерден басталып, көптеген жылдар бойғы маңдай термен жиган терген дүние-мүлкінді лезде аяусыз жалмап өп-сөтте жоқ қылады. Осындай тілсіз жаудан сақтанудың ең қарапайым жолы оның алдын-алу, және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Аудандық «Ойыл» газетіне өрттердің алдын-алу мақсатында ай сайын мақалалар беріліп, Төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері аудан көлемінде өрттердің алдын-алу мақсатында түрлі шаралар атқарып келеді. Жоғарыда көрсетілген өрт қауіпінің алды-алу жөніндегі шараларға қарамастан аудан көлемінде өрт оқиғалары өлі де азаймай келеді. Себебі немқұрайлылық, мән бермеушілік, жауапсыздық бар жерде өрттердің болуы қалыпты жағдай.

Жазғы күннің ысып, өрт қауіпі күшеюіне байланысты аудан бойынша далалық өрттердің болу қауіпі де ұлғаяды. Әрбір жекелеген азаматтар, түрлі меншік нысанына қарамастан ұйымдар басшылары, шауашылық құрылымдар басшылары, өртке байланысты ойлы көзқараспен қарап, түрлі бағыттағы жолмен жүру кезінде шеккен шылымдарын көлік терезесінен лақтыра салмай - дұрыстап сөндіріп жүрсе, техникаларын жөндеуден өткізгеннен соң пайдаланып, уақытылы қарап тұрса, көптеген өрт оқиғаларының алдын-алуға болар еді. Өрт қауіпі күшейетін жаз мезгілінде, жолды жөндеумен күтуге тиісті жауапты мекемелер, кәсіпорындар жол жиегіне өскен құрғақ шөптерді қырқып тастап отыруы тиіс. Себебі бұл шара да өрт қауіпсіздігін сақтаудың бірден-бір кепілі. Кей жағдайда бола қалған өрттер кезінде жолдың

арғы жағынан басталған өрт орылмаған қаулаған шөптерге тиіп екінші бетіне ұласып жатады.

Болып жатқан далалық өрттерді сөндіру тек қана өрт сөндіру бөлімі қызметкерлері мен аудандық, селолық округ әкімшілігіне ғана қажет деу өте қате пікір. Қазіргі уақытта аудан көлеміндегі жерлердің көпшілігі өркімнің жеке-меншігі болып табылады. Әрбір шаруашылық құрылым басшыларымен жекелеген адамдар өздерінің жеке мүліктерін және жерлерін өрттен қорғауға тікелей міндетті екендіктерін естен шығармағандары жөн.

Барлық мал қыстақтарындағы мал баздарының сыртқы аумағындағы жерлер үйілген шөп скирдтерінің айналасы жыртылып сыммен қоршалуы тиіс. Пішен маяларын электр желілерінің жақын орналасқан жерге жинауға тиым салынады. Жиналып қалған қоқыстардан қора қосылардың айналасы тазартылуы тиіс. Барлық ауыл шаруашылық техникалары алғашқы өрт сөндіру құралдарымен /күрек, киіз, сыпыртқы, сапалақ, өрт сөндіргіштермен/ жабдықталулары шарт. Шаруа қожалықтары өздеріне тиесілі жерлердің аумағын жыртыу арқылы өрттен қорғауы қажет. Осы айтылған шаралардың барлығы әр азаматтың сана сезімінде болып немқұрайлы қарамауы тиіс. Сондықтан өртті болдырмау, алдын алу шараларын жасау баршамыздың көңіл бөлер ортақ міндетіміз. Өз міндетімізді дұрыс түсіну кездейсоқ өрт шығу фактісіне ұрындырмайтыны сөзсіз.

Есіңізде болсын! Өрт кезінде салқынқандылық танытыңыз, өрт сөндіру бекетін «101» немесе «112» телефон нөмірі бойынша шақырыңыз.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының акушеркасы Какиева Нурсулұға аяулы апасы **Какиева Райсаның** қайтыс болуына байланысты, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

ЖЕДЕЛ ІШЕК ИНФЕКЦИЯЛАРЫ

Бұл бактериялар, вирустар, қарапайымдылар тудыратын және балалар мен ересек адамдарда ішек қызметінің бұзылуымен (диарея) сипатталатын жұқпалы ауру. Бұл өлемде ең көп таралған инфекциялардың бірі. Жұқпалы жедел ішек ауруларының бас көтеретін мезгілі қазіргідей жаз айлары. Ішектің ауруға шалдығуынан, кейде іштің бұзылуы организмнің кейбір тағамдарды қорыта алмауымен байланысты. Ішек инфекциясы - жұқпалы ауру. Инфекция ауыз арқылы жұғып, қоздырғышы ішекте өсіп жетіледі де, микробтары нөжіспен ілесіп сыртқы ортаға тарайды. Инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуынан, азық-түліктерден, мәселен, жуылмаған көкөністерден, пісірілмеген сүттен, сапасыз тағамдар пайдаланғаннан, шала пісірілген тағамдарды қолдану, сондай-ақ, ауыз суды қайнатпай ішкендіктен, лас суға түскендіктен жұғады.

Аурудың алғашқы белгілері іштің жиі-жиі судай өтуі, дене қызуының көтерілуі, емшектен бас тарту, асқа төбеті болмау, шөлдеу, құсу, бас ауру, жалпы әлсіздік, селқостық, мазасыздық, ауырсыну, дәретіне қан қоспасының немесе кілегейдің пайда болуымен білінеді. Науқастың жиі құсып, іш өткен сайын жағдайы ауырлай түседі. Өйткені, организм өзіндегі тіршілікке қажетті су мен тұздарды көп жоғалтады. Жоғарыдағы аталған клиникалық белгілер

пайда бола бастаса, дәрігерге көрінуі керек. Мұндай кезде дәрігер келгенге дейін біраз уақыт кетеді. Сондықтан мүмкіндігінше ем жасай бастаған жөн. Ол үшін сұйықтықты мол, көбірек ішкізген жөн. Антибиотик қолдануға болмайды, өйткені аурудың клиникалық сипатын өзгертеді, мұның өзі дұрыс диагноз қоюды қиындатады.

Шынында біз күн сайын күні бойына қолымызбен айналадағы кір заттармен жанасамыз. Ішек инфекцияларының пайда болуының алдын алу үшін тағамдық азық-түліктердің жарамдылық сапасы өте маңызды — көптеген тағамдарда бактериялар тек қана өміршеңдігін сақтап қана қоймай, олар ауру тудырушы адамның қолымен тағамды ауызына апарғанда асқазан-ішек жолына кір қолы арқылы, ластанған су арқылы, сапасыз азық-түліктер арқылы түсіп қарқынды түрде көбейеді.Әсіресе, тұтынар алдында термиялық өңдеуден өтілмейтін тағамдар өте қауіпті. Ондай тағамдарға салаттар, винегреттер, сондай-ақ жемістер мен жидектер жатады. Салаттар мен винегреттерді, өртүрлі тұздықтар мен гарнирлерді тоңазытқышсыз түнге қалдыруға болмайды. Жаз және күз маусымында сүт және сүт өнімдерінде бактериялардың көбеюіне қолайлы жағдайлардың туындайтынын білу керек. Жеке адамдардан сатып алған құйылып сатылатын сүтті міндетті түрде қайнату керек.

Дайын тағам қалдықтарын міндетті түрде тоңазытқышта беті жабық ыдыста, шикі мен дайын тағамды бөлек ыдыста сақтау керек, оларды бөлек тақтайларда арнайы пышақтармен бөлу керек. Дүкендерде тауық еті сатылғанда +2, +3 градустық температурада 2 тәуліктен артық болмауы керек, бөлме температурасында жұмыртқа 25 тәуліктен артық сақталмауы керек. Құс еті мен жұмыртқаны сатып алғанда, олар қорапта болса да, бөлек пакеттерге салу керек. Өнімдердің жақсылап қуырылуы мен қайнатылуына көңіл бөліңіз. Етті қайнатқанда ірі кесек жасамай 1 сағаттан кем емес, жұмыртқаны 15 минуттан кем емес қайнату керек (осы уақыт аралығында сальмонеллалар толығымен жойылады). Жұмыртқаны шикі немесе шала қайнатылған күйінде қолданбаңыз. Ал ең кішкентай нәрестелерге келсек, оларды аурудан сақтау үшін қарапайым санитарлық-гигиеналық ережелерді, оларды күту кезінде: баланы әрбір тамақтан-дырар алдында және тамағын дайындар алдында қолды жақсылап сабындап жуу керек. Кей жағдайларда ауру өте ауыр түрде өтіп, өмірге қауіп тудыруы мүмкін. Сол үшін «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» - деген сөздер әрқашан да өз маңызын жоймайды.

**А.МАЙЛЫБАЕВА,
Салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы.**

Газетке жазылу - 2020

Ауқандық “Ойыл” газетіне “Қазпочта АҚ” арқылы 2020 жылдың ІІ жарты жылқығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Занды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция)
2-19-98 (Қазпочта АҚ)